

**"Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 маусым N 744

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесі 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекемелерді қосу арқылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып (бұдан әрі - Кәсіпорын) қайта ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің Кәсіпорынға қатысты функциясын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізі нысанасы мыналар болып айқындалсын:

1) ғылыми әлеует туралы ақпаратты қоса алғанда, елдің ғылыми-техникалық саладағы ұлттық ақпарат ресурсын, қалыптастыру жұмыстарын үйлестіру және оған қатысу;

2) ұжымдық және жеке абоненттердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының отандық және әлеуметтік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету және осы негізде ақпараттық қызмет көрсетудің барлық спектрін ұсыну;

3) ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін жетілдіру жөнінде зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу;

4) ақпараттық қызметкерлерінің біліктілігі мен мамандардың ақпараттық мәдениетін көтеру, ғылыми-техникалық насихат, аударма және баспа қызметі.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бір ай мерзімде заңда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) әділет органдарында оны мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шалаларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Кәсіпорынға 2-қосымшаға сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес

мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

7. "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық және конъюнктуралық-коммерциялық ақпарат ғылыми-зерттеу институтын Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 336 P930336_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 14, 173 құжат) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

1999 жылғы 14 маусымдағы

N 744 қаулысына

1-қосымша

Қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекемелердің
Тізбесі

- | | |
|---|------------------|
| 1. Ақмола облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Астана қаласы |
| 2. Ақтөбе облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Ақтөбе қаласы |
| 3. Атырау облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Атырау қаласы |
| 4. Шығыс Қазақстан облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Өскемен қаласы |
| 5. Жамбыл облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Тараз қаласы |
| 6. Жезқазған облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Жезқазған қаласы |
| 7. Батыс Қазақстан облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Орал қаласы |
| 8. Қарағанды облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Қарағанды қаласы |
| 9. Қостанай облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Қостанай қаласы |
| 10. Көкшетау облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Көкшетау қаласы |

- | | |
|---|------------------|
| 11. Қызылорда облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Қызылорда қаласы |
| 12. Павлодар облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Павлодар қаласы |
| 13. Солтүстік Қазақстан облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Петропавл қаласы |
| 14. Семей облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Семей қаласы |
| 15. Оңтүстік Қазақстан облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы | Шымкент қаласы |
| 16. ҚазмемҒТАИ (Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат институтының) бөлімшесі | Ақтау қаласы |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 14 маусымдағы
N 744 қаулысына

2-қосымша

"Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының

Тізбесі

- | | |
|---|----------------|
| 1. "Ақмола салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Астана қаласы |
| 2. "Ақтау салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Ақтау қаласы |
| 3. "Ақтөбе салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Ақтөбе қаласы |
| 4. "Атырау салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Атырау қаласы |
| 5. "Шығыс Қазақстан салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Өскемен қаласы |

6. "Жамбыл салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Тараз қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
7. "Жезқазған салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Жезқазған қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
8. "Батыс Қазақстан салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Орал қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
9. "Қарағанды салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Қарағанды қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
10. "Қостанай салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Қостанай қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
11. "Көкшетау салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Көкшетау қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
12. "Қызылорда салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Қызылорда қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
13. "Павлодар салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Павлодар қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
14. "Солтүстік Қазақстан салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Петропавл қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
15. "Семей салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Семей қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны
16. "Оңтүстік Қазақстан салааралық аумақтық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" Шымкент қаласы
еншілес мемлекеттік кәсіпорны